

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ

ГҮЛІСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
КАФЕДРАСЫ



Қазақ тілінің семантикасы
(I курс үшін)
пәні бойынша

Білім саласы:	5100000 – Гуманитар ғылымдар
Оқыту саласы:	5120000 – Гуманитар ғылымдар
Оқыту бағыты:	5120100 – Филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)

жұмыстық бағдарлама


Жалпы оқу сағаты:	- 128 сағат
Содан:	
Лекциялық сағат:	- 22 сағат.
Практикалық сағат:	- 26 сағат.
Семинар сағаты:	- 24 сағат
Өзіндік жұмыс сағаты:	- 56 сағат

ГҮЛІСТАН – 2018 ж

Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы Гүлістан мемлекеттік университетінің 2018 жыл, 29 августтағы оқу-әдістемелік Кеңесінде талқыланып, баспаға ұсынылған (Хаттама №1).


Жұмыстық бағдарлама Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білімдендіру министрлігі 2017 жылғы 02 февраль, 32-санды бұйрығымен бекітілген (БД – 5120100-3.08 тізімге алынған) “Қазақ тілінің семантикасы” үлгілі бағдарламаға негізделген.

Түзушілер:  Д.Т.Айтбаев “Орыс тілі мен әдебиеті”
кафедрасының доценті, филология ғылымдары –
ның кандидаты.

 Г.Е.Айтбаева “Орыс тілі мен әдебиеті”
кафедрасының оқытушысы.

Пікір білдіруші:  Ж.У.Өтегенов “Орыс тілі мен әдебиеті”
кафедрасының оқытушысы.

Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы «Филология» факультеті Ғылыми Кеңесінің 2018 жылғы 28 августтағы (Хаттама №1) 1-санды жиналысында бекітілген.

Факультет Ғылыми-әдістемелік
Кеңесінің төрағасы:  Ф.Ниязов.

Кафедра меңгерушісі:  Д.Ф.Нурмухамедова.

Университет

I. Кіріспе

Қазақ тілінің семантикасы - қазіргі қазақ тілінің лексикологиясының бір бөлімі, ол лингвистикалық пән болып саналады. Қазақ тілінің семантикасы пәнінің негізгі мақсаты – тіл біліміндегі сөздердің мағыналық жақтары, мағынаның түрлері, олардың қолданылу жағдайларымен таныстыру. Тілдің семантикасы сөздердің тура және ауыс мағыналарын, сөздердің келтірінді топтарын, сөздердің лексика-семантикалық топтары және тұрақты сөз тіркестерін қарастырады.

“Қазақ тілінің семантикасы” пәнінен оқу-әдістемелік комплекс (ОӘК) – мемлекеттік білім стандарты мен пәннің бағдарламасында белгіленген талапкерлер жағынан меңгеруі тиіс болған білім, дағды, білік пен компетенцияларды құрау, оқу процесін комплекстік жобалау негізінде тиісті нәтижелерге ие болу, өзіндік білім алу мен зерттеуді, сол сияқты бақылауды амалға асыруды қамтамасыз ететін, талапкердің шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік дереккөздер, дидактикалық материалдар, электрондық білім беру ресурстары, оқыту технологиясы, бағалау методтары мен бағалау мөлшерлерін қамтиды.

I.1. Пәннің мақсаты мен міндеттері

Пәннің мақсаты - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру. Семасиологиядағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, түрлі ағым, мектептермен таныстыру - аталған пәннің негізгі мақсаты.

Пәннің міндеті - тіл теориясынан басталатын кейінгі тараулар қазіргі лингвистиканың негізгі бағытын, алдағы проблемаларды айқындауға арналған. Тілді құрайтын элементтер арқылы адамдар өзара сөйлеседі. Талапкерлерге теориялық мәліметтер беріп болғаннан кейін, оқу жоспарында белгіленген уақыттың ішінде тілдегі мағынамен байланысты болған ерекшеліктердің ерекшеліктерін білуі керек. Олар бақылау-пысықтау жаттығуларын орындауға міндетті.

I.2. Пән бойынша талапкерлердің біліміне, дағдысы мен іскерлігіне қойылатын талаптар

Бұл пән бойынша талапкерлер білім мен дағдыға қойылатын талаптар төмендегіше болады: талапкерлерді қазақ тілінің семантикасынан алған теориялық білімдерді практика жағынан қаруландыру керек. Сондай-ақ, қазақ тілінің семантикасын лингвистикалық тұрғыдан теориялық және практикалық жақтан талдай алу және білу қажет.

Сөздің мағыналарын (тура және ауыс мағыналары, сөздің лексика-семантикалық топтарын) аңғартатын бұл пән негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалық мәселелерден мәлімет бере отырып дағдыға ие болу керек.

Семантикадағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, түрлі ағым, мектептермен таныстыру, талапкерлер жалпы халық тілінің стильдік жүйелері, тілдің ауызекі және жазба түрлері, олардың өзіндік белгілері, тілдік құралдардың мәнерлілігі, тіл ерекшеліктері мен олардың қандай қалыпта және стилдің қай түрінде қолданылуы

бойынша білім мен практикалық дағдылардың зерттеу әдістерін сұрыптап қажетті түрге келтіруді айқындайтын іскерлікке ие болу керек.

I.3. Пәннің оқу жоспарындағы басқа пәндермен өзара байланысы, әдістемелік тұрғыдан жүйелілігі

Қазақ тілінің семантикасы мамандық пән болып YI семестрде өтіледі. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы - лингвистиканың дербестігі барлығы, басқа ғылымдарға қосымша нәрсе еместігі түсіндіріледі. Қазақ тілінің семантикасы пәні – қазіргі қазақ тілі, тіл білімі, тіл мәдениеті, жалпы тіл білімі, әдебиет, педагогика және психологиямен, сол сияқты тағы басқа ғылымдармен тікелей байланысты.

I.4. Пәнді оқытуда пайдаланылатын заманауи ақпарат және педагогикалық технологиялар

Талапкерлердің «Қазақ тілінің семантикасы» пәнін меңгеру үшін оқытудың заманауи әдістерден пайдалану, жаңа информациялық педтехнологияларды қолдану үлкен маңызға ие. Пәнді меңгерту барысында “Ақыл шабуылы”, “Кластер” методы, “Бумеранг”, “Скоробей”, “Таразы”, “Желпігіш” технологияларынан, компьютер технологияларынан, көрнекі құралдардан, үлестірмелі нұсқаулардан, оқулық, көмекші және әдістемелік қолданбалар, лекция мәтіндері, үлестірмелі материалдар, электронды материалдар, түрлі көрнекіліктер, перфа карта, семантикалық, концептуалдық карталар, проект технологияларынан пайдалану мақсат етіледі. Практикалық және семинар сабақтарына тиісті үлгілі педтехнологиялардан пайдаланылады.

I.5. Пәннен өтілетін тақырыптар мен сабақтардың түрлеріне ажыратылған сағаттардың бөлінуі

№	Пәннің бөлімдері мен тақырыптары, лекцияның мазмұны	Сағаттары			
		Жалпы сағаты	Лекция-лық сабақ	Практика-лық сабақ	Семинар-лық сабақ
1	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы және оның зерттеу нысаны мен салалары.	2	2	-	-
2	Қазақ тілі лексикасының салалары.	8	2	4	2
3	Семасиология және оның зерттеу нысаны.	6	2	2	2
4	Сөздің тура және ауыс мағыналары.	6	2	2	2
5	Метафоралық, метонимиялық және синекдохалық мағыналар.	12	4	4	4
6	Табу және эвфемизмдер.	6	2	2	2
7	Фразеология және оның зерттеу нысаны мен салалары.	12	4	4	4
8	Мақал, мәтел, жұмбақтар және олардың жасалуы.	10	2	4	4
9	Тұрақты сөз тіркестері және олардың түрлері.	10	2	4	4
	Аралық бақылау жұмысы				
	Қорытынды бақылау				
	Жалпы сағаты	72	22	26	24

II. Оқу материалдарының мазмұны

II.1. Лекциялық сабақтардың мазмұны.

II.1.1. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы және оның зерттеу нысаны мен салалары. (2 сағат).

Лексика – көне гректің *lekis* /сөздік/ деген сөзі. Лексика деген сөз жер жүзіндегі халықтар тілінің көпшілігінде термин болып қалыптасып кеткен. Біздің тілімізге ол орыс тілі арқылы келіп орныққан. Бұл термин – бір тілдегі барлық сөздердің жинағы деген ұғымды білдіреді. Осы лексика деген терминнің ұғымына тілдің жергілікті ерекшелігі де, сол бір тілдің говорлары да, диалектілері де енеді.

[Н1. 4-12; Н2. 8-16; Қ2.12-22].

II.1.2. Қазақ тілі лексикасының салалары (2 сағат).

Лексикалогия тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, сөз байлығын зерттейді, тілдің негізгі сөздік құрамының келелі мәселелерін түгел қамтып, оны егжей-тегжейлі түсіндіруді мақсат етеді. Сөзді саралап тексеріп, олардың ішкі заңдылықтарын, сыртқы (дыбыстық) көріністеріндегі ерекшеліктерін қарастырады, яғни сөзді негізгі екі тұрғыдан алып қарастырады. Олар: ішкі мағына мен сыртқы дыбыс. Бұлардың бірінсіз бірі қолданылмайтыны және олардың өзара ерекшеліктері жөнінде кейін айтылады.

Тіл ғылымының *этимология, лексикология, семасиология, лексикография* деген тараулары лексиканы тексереді.

[Н1. 13-20; Н2. 17-28; Қ2.23-30].

II.1.3. Семасиология және оның зерттеу нысаны (2 сағат).

Сөз болған жерде мағына болуы – табиғи нәрсе. Біз қандай сөзге болсын мән, мағына беріп, белгілі мазмұнда айтамыз. Сөз мағынамен тығыз байланысты. Сондықтан сөз – мағынаның тірегі. Сөзсіз мағына жоқ. Бірақ бұдан сөз бен мағына екеуі бір нәрсе деп қарауға болмайды. Өйткені тілде кейбір сөздер мағынасын жоғалтқан, сонда да олар мағынасыз сөз болып өмір сүре береді.

Семасиология – сөздің мағынасын, мағынаның өзгерісін зерттейтін ғылым. Бұл термин гректің *Sima* – «белгілеу», *logos* – «ғылым» деген сөздерінен жасалған. Кейбіреулер мұны семантика деп те атайды. Совет тіл білімінде әсіресе кейінгі кезде *семасиология* делініп жүр. Семасиология туралы көз-қарастар болды. Олардың ішіндегі ең бастыларының бірі – батыс елдерінде туған структурализм (структуралитік лингвистика) – сөздің дыбыстық формасын тексерудің қажеті жоқ, өйткені ол тілден аулаққа алып кетіп, философияға, психологияға апарып соқтырады дейді. Олардың айтуынша, тілдік единица – дыбыстар да емес, сөздің мағынасы да емес; олар тек қана тілдің системасын жасайтын элементтердің өзін корреляциялық система деп атайды [Н1. 21-26; Н2. 29-36; Қ2.32-46].

II.1.4. Сөздің тура және ауыс мағыналары (2 сағат).

Сөздің мағыналығы оның пайда болуымен бірге өмір тәжірибесімен тығыз байланысты жағдайда ғана білінеді. Ойдың мазмұны тілдік формада берілетін болғандықтан, ұғым сөз арқылы беріледі де, сөзге тіркеулі бекітулі болады. Айтушы мен тыңдаушының қатынасы тіл қалпында беріледі.

Сөздің негізгі мағынасы (оны біреулер жалпы мағына, енді біреулер лексико-семантикалық вариант деп атап жүр) туралы пікір таласы әлі күнге дейін тоқталған жоқ.

Сөздің негізгі мағынасы (сөздік мағынасы) туралы әркімдер әр түрлі пікір айтып жүргеннің өзінде, бір ізге келе алмаушылық тілдегі сөздердің мағыналарының логикалық динамикасының қиындығынан болған сияқты. Өйткені тіл-тілдегі сөздердің көпшілігі көп мағыналы болып келеді.

Сөздің қосымша мағыналары негізгі мағынасы арқылы пайда болып, дамиды деген едік. Ауыс мағына дегеніміз де сөздің негізгі мағынасынан дамиды.

[Н1. 27-38; Н2. 37-48; Қ2.47-59].

II.1.5. Метафоралық, метонимиялық және синекдохалық мағыналар (4 сағат).

Тілімізде ауыспалы мағынада қолданылып, жаңа ұғымды білдіретін сөздер кездеседі. Бұлар лингвистикалық әдебиеттерде метафоралық қолдану деп аталады.

Метафоралық қолданылыста сөздің лексикалық, не ауыс мағынасы жойылып кетпейді. Олардың әрқайсысы өз алдына қолданылып жүре береді, сондықтан көз деген сөзді метафора етіп қолданғанда, оның бұрынғы мағынасы жойылып кетеді екен деп түсінбеу керек. Метафора көбінесе контекстік мағынада қолданылады

Бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым **метонимия** деп аталады. Мысалы, *ол екі кесе ішті, мен бір-ақ кесе іштім*. Бұл сөйлемде кесе деген сөз оның ішіне құйылған сұйық затты білдіріп тұр.

Жалпының орнына жалқы, бүтіннің орнына бөлшек немесе керісінше қолданылатын стилистикалық тәсілмен жаңа мағына жасау жолы **синекдоха** деп аталады.

[Н1. 39-52; Н2. 49-60; Қ2.60-72].

II.1.6. Табу және эвфемизмдер (2 сағат).

Бұрын қараңғы, артта қалған халықтың дәстүрінде әдет-ғұрып немесе ырымшыл ұғымдар бойынша кейбір атаулар діни немесе шаманизм сияқты ұғымда болған, сондықтан бұл сөздерді атауға мүмкіншілік болмаған, яғни оларды атауға тыйым салынған. Бұл сияқты әдет-ғұрып әр халықтың өз дәстүрі бойынша белгіленген. Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірде кейбір діндар қазақы адамдар өздерінің жақындарының және кейбір айуандардың аттарын атауға, сол сияқты шаман дініне байланысты «мейірімсіз рух» аттарын атауға тыйым салған. Міне бұл жағдай тілде табу деп аталады. Табу Қазан төңкерісінен кейін мүлдем жойылып барады. Қазір тек кейбір дінге сенетін, ырымшыл карт адамдардың арасында бірен-саран кездеседі.

Астарлы сөздер – *евфемизмдер* де тарихи тұрғыдан алғанда, табу сөздер типіне жатады, өйткені оларға да бір сөзді екінші сөзбен ауыстыру тәсілі – тән. Мысалы, Қазан төңкерісінен бұрынғы кезеңде қазақ арасында эвфемизмге жататын мынадай сөздер болған: *шайтан* деудің орнына *сары бала* немесе *шешектің* орнына *дерт*, *өлімнің* орнына *қаза* т.с.с.

Евфемизм дегеніміз – дөрекі, жағымсыз, қолайсыз сөздерді сыпайылап, жанамалап өзгертіп қолдану тәсілі.

[Н1. 53-66; Н2. 61-75; Қ2.73-89].

II.1.7. Фразеология және оның зерттеу нысаны мен салалары (4 сағат).

Фразалық тіркестер тілімізден айрықша орын алады. Бұлардың құрамына идиомалар және басқа фразалық топтар жатады.

Ең алдымен идиома мен фраза деген терминдердің бетін ашып, айырмасын байқайық. Идиом да, фраза да – белгілі сөз тізбектері: идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Басқаша айтқанда идиом ішіндегі компоненттер өзінің лексикалық формасымен мағынасын жоғалтады да, грамматикалық формасын сақтайды; бұлар – негізгі бір кесек күрделі лексикалық единицаның грамматикалық элементтері болып еесптеледі. Идиомның беретін мағынасы оның жеке сынарларынан шығатын мағынамен байланысты: Мәселен, «қабырғаңмен кеңес», «қас пен көздің арасында», «жүрек жалғау», «қырғи қабақ болу», «тонның ішкі бауындай» дегендердің әрқайсысы бір-бір идиом; «қабырғаңмен кеңес» дегеннің мағынасы «қабырға, кеңес» деген сөздердің тікелей мағынасынан туып отырған жоқ, мұның беретін ұғымы «ойлан, асықпай, саспай ойлан». Идиомды обороттардың ішіндегі элементтеріне қарай талдау (анализ) жасап, сол элементтердің мағынасына қарай жаңа идиомдық ұғым туғызуға болмайды, яғни жеке элементтердің негізгі мағынасынан барып жасалған тізбек идиом болмайды, ол фраза болады.

[Н1. 67-78; Н2. 76-88; Қ2.90-101].

II.1.8. Мақал, мәтел, жұмбақтар және олардың жасалуы (2 сағат).

Мақал-мәтелдердің сөздері де, көбіне тиянақты келеді, бірақ ол тиянақтылық идиомдардағыдай бір кесек тұтастық – лексикалық мағынамен өте жымдасқан тұтастық емес. Мәселен, «білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады», «адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген мақалдарды алсақ, мұндағы әр мақалдардың ішіндегі сөздердің орны қалыптанғанын байқаймыз; сөздердің орнын ауыстырсақ, белгілі бір жүйеден, ережеден тыс кетіп, қалыптанған норманы бұзған боламыз.

Мақал, фраза, идиомдарды басқа жүйелік күйге аударарда бұлардағы өзара негізгі айырмашылықтардың бірі айқын көзге түседі – идиом сөздердің дені сөзбе-сөз аударуға келмейді. Бұл – жоғарыда біз атап кеткен лексикалық өзгешіліктен туған қасиет.

[Н1. 79-90; Н2. 89-103; Қ2.102-116].

II.1.9. Тұрақты сөз тіркестері және олардың түрлері (2 сағат).

Тілдің лексикалық байлығы сол тілде халықтың тіршілігін, өмір шындығын, идеологиясын айқын көрсетіп отырады. Мұны сол идеом, фразалардың лексикалық мағынасынан, тілде атқаратын қызметінен байқай аламыз. Халықтың тұрмыс-күйімен байланысты туған сөздерге түрлі тізбектерге толып жатқан мысалдар келтіруге болады.

Сөздердің идиомдық тобы болсын, фразеологиялық тобы болсын, екеуіне де ортақ қасиет – тиянақтылық. Бұл екеуінің де компоненттері өзара бекем орынға ие, белгілі тәртіпке ие болуы шарт; компоненттер белгілі тәртіппен келудің үстіне бұл екеуінің элементтері, көбіне басқа сөздермен жанаспай, бойын аулақ салып, өзінің арнаулы үйірлі сөздерімен сыбайласып тұрады: Асқар деген сөзді тек бел, тау деген сөздердің алдына қоюға болады; Қынай деген сөз тек буын деген сөзбен жанаса алады.

Идиом мен фраза тілдегі қолданылу ыңғайына қарай, бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады: бұл екеуінің кей уақыт шегін белгілеп, ажыратып алу қиындау болады. Мәселен, «күлін көкке ұшыру керек», «жермен жексен болды», «жерден жеті қоян тауып алғандай» деген тізбектердің бәрі де бейнелі мағынаға ие болып тұр.

[Н1. 91-106; Н2. 104-110; Қ2.117-120].

II.2. Практикалық сабақтардың мазмұны.

II.2.1. Қазақ тілі лексикасының салалары (4 сағат).

Лексикалогия тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, сөз байлығын зерттейді, тілдің негізгі сөздік құрамының келелі мәселелерін түгел қамтып, оны егжей-тегжейлі түсіндіруді мақсат етеді. Сөзді саралап тексеріп, олардың ішкі заңдылықтарын, сыртқы (дыбыстық) көріністеріндегі ерекшеліктерін қарастырады, яғни сөзді негізгі екі тұрғыдан алып қарастырады. Олар: ішкі мағына мен сыртқы дыбыс. Бұлардың бірінсіз бірі қолданылмайтыны және олардың өзара ерекшеліктері жөнінде кейін айтылады. Тіл ғылымының *этимология*, *лексикология*, *семасиология*, *лексикография* деген тараулары лексиканы тексереді.

[Н1. 13-20; Н2. 17-28; Қ2.23-30].

II.2.2. Семасиология және оның зерттеу нысаны (2 сағат).

Семасиология – сөздің мағынасын, мағынаның өзгерісін зерттейтін ғылым. Бұл термин гректің *Sima* – «белгілеу», *logos* – «ғылым» деген сөздерінен жасалған. Кейбіреулер мұны семантика деп те атайды. Совет тіл білімінде әсіресе кейінгі кезде *семасиология* делініп жүр. Семасиология туралы көз-қарастар болды. Олардың ішіндегі ең бастыларының бірі – батыс елдерінде туған структурализм (структуралитік лингвистика) – сөздің дыбыстық формасын тексерудің қажеті жоқ, өйткені ол тілден аулаққа алып кетіп, философияға, психологияға апарып соқтырады дейді. Олардың айтуынша, тілдік единица – дыбыстар да емес, сөздің мағынасы да емес; олар тек қана тілдің системасын жасайтын элементтердің өзін корреляциялық система деп атайды [Н1. 21-26; Н2. 29-36; Қ2.32-46].

II.2.3. Сөздің тура және ауыс мағыналары (2 сағат).

Сөздің негізгі мағынасы (оны біреулер жалпы мағына, енді біреулер лексико-семантикалық вариант деп атап жүр) туралы пікір таласы әлі күнге дейін тоқталған жоқ.

Сөздің негізгі мағынасы (сөздік мағынасы) туралы әркімдер әр түрлі пікір айтып жүргеннің өзінде, бір ізге келе алмаушылық тілдегі сөздердің мағыналарының логикалық динамикасының қиындығынан болған сияқты. Өйткені тіл-тілдегі сөздердің көпшілігі көп мағыналы болып келеді.

Сөздің қосымша мағыналары негізгі мағынасы арқылы пайда болып, дамиды деген едік. Ауыс мағына дегеніміз де сөздің негізгі мағынасынан дамиды.

[Н1. 27-38; Н2. 37-48; Қ2.47-59].

II.2.4. Метафоралық, метонимиялық және синекдохалық мағыналар (4 сағат).

Метафоралық қолданылыста сөздің лексикалық, не ауыс мағынасы жойылып кетпейді. Олардың әрқайсысы өз алдына қолданылып жүре береді, сондықтан көз деген сөзді метафора етіп қолданғанда, оның бұрынғы мағынасы жойылып кетеді екен деп түсінбеу керек. Метафора көбінесе контекстік мағынада қолданылады.

Бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым метонимия деп аталады. Мысалы, *ол екі кесе ішті, мен бір-ақ кесе іштім*. Бұл сөйлемде кесе деген сөз оның ішіне құйылған сұйық затты білдіріп тұр.

Жалпының орнына жалқы, бүтіннің орнына бөлшек немесе керісінше қолданылатын стилистикалық тәсілмен жаңа мағына жасау жолы синекдоха деп аталады.

[Н1. 39-52; Н2. 49-60; Қ2.60-72].

II.2.5. Табу және эвфемизмдер (2 сағат).

Табу Қазан төңкерісінен кейін мүлдем жойылып барады. Қазір тек кейбір дінге сенетін, ырымшыл қарт адамдардың арасында бірен-саран кездеседі.

Астарлы сөздер – *евфемизмдер* де тарихи тұрғыдан алғанда, табу сөздер типіне жатады, өйткені оларға да бір сөзді екінші сөзбен ауыстыру тәсілі – тән. Мысалы, Қазан төңкерісінен бұрынғы кезеңде қазақ арасында эвфемизмге жататын мынадай сөздер болған: *шайтан* деудің орнына *сары бала* немесе *шешектің* орнына *дерт*, *өлімнің* орнына *қаза* т.с.с.

Евфемизм дегеніміз – дөрекі, жағымсыз, қолайсыз сөздерді сыпайылап, жанамалап өзгертіп қолдану тәсілі.

[Н1. 53-66; Н2. 61-75; Қ2.73-89].

II.2.6. Фразеология және оның зерттеу нысаны мен салалары (4 сағат).

Фразалық тіркестер тілімізден айрықша орын алады. Бұлардың құрамына идиомалар және басқа фразалық топтар жатады.

Ең алдымен идиома мен фраза деген терминдердің бетін ашып, айырмасын байқайық. Идиом да, фраза да – белгілі сөз тізбектері: идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Басқаша айтқанда идиом ішіндегі компоненттер өзінің лексикалық формасымен мағынасын жоғалтады да, грамматикалық формасын сақтайды; бұлар – негізгі бір кесек күрделі лексикалық единицаның грамматикалық элементтері болып еесптеледі. Идиомның беретін мағынасы оның жеке сыңарларынан шығатын мағынамен байланысты.

[Н1. 67-78; Н2. 76-88; Қ2.90-101].

II.2.7. Мақал, мәтел, жұмбақтар және олардың жасалуы (4 сағат).

Мақал-мәтелдердің сөздері де, көбіне тиянақты келеді, бірақ ол тиянақтылық идиомдардағыдай бір кесек тұтастық – лексикалық мағынамен өте жымдасқан тұастық емес. Мәселен, «білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады», «адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген мақалдарды алсақ, мұндағы әр мақалдардың ішіндегі сөздердің орны қалыптанғанын байқаймыз; сөздердің орнын ауыстырсақ, белгілі бір жүйеден, ережеден тыс кетіп, қалыптанған норманы бұзған боламыз.

Мақал, фраза, идиомдарды басқа жүйелік күйге аударарда бұлардағы өзара негізгі айырмашылықтардың бірі айқын көзге түседі – идиом сөздердің дені сөзбе-сөз аударуға келмейді. Бұл – жоғарыда біз атап кеткен лексикалық өзгешіліктен туған қасиет.

[Н1. 79-90; Н2. 89-103; Қ2.102-116].

II.2.8. Тұрақты сөз тіркестері және олардың түрлері (4 сағат).

Тілдің лексикалық байлығы сол тілде халықтың тіршілігін, өмір шындығын, идеологиясын айқын көрсетіп отырады. Мұны сол идеом, фразалардың лексикалық мағынасынан, тілде атқаратын қызметінен байқай аламыз.

Идиом мен фраза тілдегі қолданылу ыңғайына қарай, бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады: бұл екеуінің кей уақыт шегін белгілеп, ажыратып алу қиындау болады. Мәселен, «күлін көкке ұшыру керек», «жермен жексен болды», «жерден жеті қоян тауып алғандай» деген тізбектердің бәрі де бейнелі мағынаға ие болып тұр.

[Н1. 91-106; Н2. 104-110; Қ2.117-120].

6. Курс жұмысының құрамы мен талаптары.
“Қазақ тілі стилистикасы ” пәнінен курс жұмысы берілмеген.

**2.5. Өзіндік жұмыс тақырыптары, мазмұны мен оларға
ажыратылған сағаттар**

Талапкерлердің лекциялық, практикалық және семинарлық сабақтарға дайындалып келуі және өтілген материалдарды өз бетінше меңгеруі үшін кафедра оқытушылары жағынан лекция мәтіндері түзілген, әр бір талапкерге осы материалдардан пайдалану ұсынылған.

Талапкердің пәнді өз бетінше қаншалықты меңгергендігі ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаулардан байқауға болады. Сол себепті рейтинг тізімінде өзіндік жұмыстарға арнайы балл ажыратылмайды, олар АғБ, АрБ және ҚБ-лар құрамына енгізілген.

Өзіндік жұмыс үшін пән бойынша жалпы 56 сағат ажыратылған.

Осы сағаттар шамасы төмендегіше бөлінеді:

- лекция конспекттерін оқу және дайындалу – 20 сағат;
- практикалық сабақтар бойынша берілген тапсырмаларды орындау – 18 сағат;
- семинар жұмыстары бойынша берілген тапсырмаларды орындау – 18 сағат.

Практикалық сабақтарда теориялық білімдер тақырыптарға сай түрлі талдау жұмыстары мен мысалдарды жинау арқылы пысықталады. Қазақ стилистикасы пәнін терең меңгеру үшін талапкер пәннің әр бір бөлімдерін өз бетінше үйрену және конспект жазу пысықтау жұмыстарын амалға асырады.

Семинар сабақтары пәннің теориялық және практикалық жақтарын бір-бірімен тығыз байланыстырады. Мұнда семинар тақырыптары күнілгері талапкерлерге беріліп, олар түрлі дереккөздерден пайдалана отырып сабаққа дайындалып келеді. Семинар оқытушысының басшылығымен бұл жұмыстар толық орындалады.

Практикалық және семинар сабақтарын бағдарламада белгіленген оқулықтар, оқу қолданбалар және лекция мәтіндерінен пайдалана отырып орындайды.

Сабақта қалдырылған сағаттарды қайта тапсыру үшін талапкер қайсы сабаққа қатыспаған болса, сол сабақ материалын дәптерге жазып дайындап келуі және оқытушының ауызша сұхбатынан өтуі шарт. Қалдырған АрБ мен ҚБ-лар белгіленген тәртіп бойынша тапсырылады.

Талапкерлердің өзіндік жұмыстары мазмұны мен көлемі
(Лекция, практика және семинар сабақтары)

Талапкерлердің өзіндік жұмысы оқу жоспарында «Қазақ тілінің семантикасы» пәнін меңгеру үшін ол методикалық және ақпарат орталығымен қамтамасыз етіледі және орындалуы рейтинг тізімі талаптары негізінде бақылау жасалады. Бұл жұмыстар белгіленген оқу жұмыстарының ажыралмас бөлігі болып саналады.

Талапкер өзіндік жұмысты дайындауда пәннің ерекшеліктерін ескере отырып төмендегідей қалыптарды ұсынады:

- оқулық және оқу қолданбалар бойынша пән тарауларын әрі тақырыптарын үйрену;
- тақырыптық материалдар бойынша лекцияларды меңгеру;
- арнаулы әдебиеттер бойынша пәндердің бөлімдері немесе тақырыптарға сәйкес мәтіндермен жұмыс істеу;
- жаңа педагогикалық технологияларды үйрену;
- талапкердің оқу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға тиіс болған пәндердің бөлімдері мен тақырыптарын үйрену;
- ділгірлі және проблемалы оқыту әдісі пайдаланылған оқу сабақтары;
- дистанциондық білім.

Жұмыстық оқу бағдарламасының өзіндік білім алуға тиісті болған бөлімдері мен тақырыптары	Өзіндік білім алуға тиісті болған тапсырмалар мен ұсыныстар	Орындалу мерзімі	Көлемі (сағат)
Қазақ тілінің лексикасы	Сөз мағыналары, сөздік қор мен сөздік құрамдарды тексеретін сала. Сөздердің тура және ауыс мағыналарын қарастырады.	1, 8 - апталар	5
Лексикология және оның салалары.	Лексикология және лексика ғылымдарының ерекшеліктері айтылады. Қазақ тіліндегі лексика, сөздік қор, сөз және оның мағыналары айтылады.	9-10- апталар	5
Қазақ тілінің семантикасы	Семасиология және семантика. Сөз мағыналары.	11-12- апталар	5
Сөздердің лексика-семантикалық топтары.	Метафоралық, метонимиялық, синекдохалық мағыналары.	13-14-апта	6
Табу және евфемизмдер.	Аауларды тура атамау, астарлы сөйлеу. Сыпайылап сөйлеу.	15-апта	6
Қазақ тілінің фразеологиясы.	Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері. Тұрақты сөз тіркестерінің құрылысы ме пайда болу жолдары.	16-апта	6
Мақал мен мәтелдер. Жұмбақтар.	Мақал-мәтелдер және олардың жасалу жолдары. Олардың ерекшеліктері. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Жұмбақтар және олардың құрылысы.	17-18- апталар	6
Идиома мен фразалар	Тұрақты сөз тіркестерінің бір түрі – идиома мен фразалар екендігі.	19-20- апталар	6
Тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктері.	Тұрақты сөз тіркестері. Идиома мен фразалар. Мақалдар мен мәтелдер. Жұмбақтар мен жаңылтпаштардың фразеологиялық қасиеттері.	21-апталар	6
Жалпы			56

ІҮ. Рейтинг бағалау мөлшері

ІҮ.1. Рейтинг бақылау кестесі

Бақылау түрі	Рейтингтік бағалау			Жалпы	Саралау балы
	1	2	3		
АғБ (40%) содан	8	10	10	28	16
АғБ (практикалық сабақ)	4	5	5	14	8
АғБ (семинарлық сабақ)	4	5	5	14	8
Аралық бақылау(30%)	-	-	-	22	12
Қорытынды бақылау(30%)				22	12
Жалпы				72	40

КӨКТЕМГІ СЕМЕСТР

№			Ақпан				Наурыз				Сәуір				Мамыр				Маусым							
			1 - 3	5 - 10	12 - 17	19 - 24	26-3	5 - 10	12 - 17	19 - 24	26 - 31	2 - 7	9 - 14	16 - 21	23 - 28	30 - 5	7 - 12	14 - 19	21 - 26	28 - 31	4 - 9	11 - 16		18 - 23	25 - 30	
			22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41		42	43	
1	АғБ 40%	Практика					2		2		2				2				2					10		
		Өзіндік жұмыс			2		2	2				2			2		1							11		
		Семинар			2		2			2			2			1								9		
		Өзіндік жұмыс				2		2				2			2				2					10		
2	АрБ 30%	Лекция												14									14			
		Өзіндік жұмыс				3			3		3			2		3		2						16		
3	ҚБ – 30%																			30			30			
	Жалпы		6				20				13				27				4				30			100
	Жалпы семестр бойынша		6				20				13				27				4				30			100

Баға	5	4	3	2
Рейтинг	86-100	71-85	55-70	< 55
Пәнді иегеру көрсеткіштері	86-74	74-61	61-47	<47

Ескерту: II семестрде оқытылатын “Қазақ тілінің семантикасы” пәнінің оқу сағаттары 76 сағатты құрайды, бұлпән бір семестрде ғана оқытатындықтан тек қана күзгі семестрдің оқу көлемі 76 сағатты құрайды, пәннің коэффициенті 1,1 болады. Пән бойынша меңгеруді анықтауда талапкер жинайтын балл 1,1-ге көбейтіледі және бүтінге айналтырылады.

ІҮ.2 Ағымдағы бақылаудың (АғБ) бағалау мөлшері

“Қазақ тілінің семантикасы” пәні бойынша ағымдағы бақылау талапкердің практикалық және семинар сабақтарын меңгеруін анықтауда қолданылады. Ағымдағы бақылау әр бір практикалық және семинар сабақтарында сұрақ-жауап, мысалдарды талдау, жинаған мысалдарды талқылау сияқты формада амалға асырылады. АғБ әр бір практикалық және семинар сабақтарында коллеквиум өткізу, семинар жұмыстарын толық орындап келгендігі, сұрақ-жауап, сұхбат және берілген тапсырмаларды толық орындау негізінде амалға асырылады. Талапкерге АғБ-да бүтін балл қойылады.

Талапкердің практикалық және семинар сабақтарын орындаудағы білім дәрежесі төмендегіше мөлшер бойынша анықталады

Бағалау дәрежесі	Бағалау мөлшері	Рейтинг балы
Үлгілі 86-100%	Тиісті толық теориялық білімге ие болған; тапсырмаларды өз бетінше орындаған; берілген сұрақтарға толық жауап берген; қойылған мақсат пен міндеттерге толық түсінген; аудиторияда өз белсендігін көрсеткен, оқу тәртібі бойынша жұмыс алып барған; тапсырмаларды тәртіп бойынша орындаған.	5
Жақсы 71-85%	Жеткілікті теориялық білімге ие; тапсырмаларды орындаған; берілген сұрақтарға жеткілікті жауап берген; практикалық жұмыстың маңызын толық түсінген, оқу тәртібі жұмысын сақтаған.	4
Қанағаттанарлы 55-70%	Тапсырмаларды орындауға әрекет еткен; берілген сұрақтарға жауап беруге әрекеттенген; практикалық жұмыстың маңызын толық түсінген, оқу тәртібін сақтаған.	3
Қанағаттанарлысыз 0-54%	Талапкер практикалық және семинар сабақтарының тақырыптарына теориялық жағынан дайындалып келмеген; тақырып бойынша ешқандай мысалдар жинай алмаған; берілген сұрақтарға жауап бермеген; сабаққа пассив қатысса білім дәрежесі қанағаттанарлысыз бағаланады.	2

4.3. АрБ-ды бақылау

Аралық бақылау “Қазақ тілінің семантикасы” пәнінің бірін қамтыған бөлімі бойынша тиісті теориялық, практикалық және семинар сабақтарын өтіп болғаннан кейін жазбаша түрде амалға асырылады.

Мақсат – талапкерлердің тиісті сұрақтарға жауап бере алуы немесе ділгір мәселелерді шеше алу дағдылары мен біліктерін анықтау. Оқу жылының күзгі семестірінде 1 рет аралық бақылау (АрБ) өткізу жоспарланып, оған 30 балл ажыратылған. АрБ бақылау жұмыстары жазбаша немесе тест негізінде өткізілуі белгіленген. Жазба жұмыс пен тест сұрақтары жұмыстық бағдарламаға негізделіп дайындалады. АрБ-ға ажыратылған балдан 55% -тен төмен балл жинаған талапкер сол бақылау бойынша үлгірмеген болып саналады. АрБ бақылауда үлгірмеген талапкерге қайта тапсыру мүмкіндіктері беріледі. АрБ бойынша алынатын тесттер кафедра меңгерушісі басшылығында ұйымдастырылады және кафедрада оқу жылының соңына дейін сақталады.

4.4. ҚБ-ды бағалау мөлшері

Қорытынды бақылау “Қазақ тілінің семантикасы” пәнінің барша тақырыптарын қамтиды да, теориялық, семинар және практикалық сабақтарды өтіп болғаннан соң жазбаша түрде амалға асырылады.

Мақсат – талапкердің пән бойынша үлгірім дәрежесі, яғни білім деңгейі немесе проблемаларды шешу дағдылар мен біліктері анықталау. ҚБ бақылау жұмыстары тест негізінде де өткізілуі мүмкін, тест сұрақтары жұмыстық бағдарлама негізінде дайындалады. АрБ мен АғБ-ларға ажыратылған балдан 55%-тен төмен балл жинаған талапкер сол пән бойынша үлгірмеген болып саналады және ҚБ-ға кіруге рұқсат етілмейді. ҚБ-да да үлгірмеген талапкерге қайта тапсыру

мүмкіндігі беріледі. ҚБ бойынша алдын ала жазба жұмысы варианттары кафедра меңгерушісі басшылығымен түзіліп ол деканатқа тапсырылады.

5. ӘДІСТЕМЕЛІК-ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР

5.1. НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

№	Авторы, әдебиеттің аты, түрі, баспасы мен жылы, көлемі	Кітапханадағы нұсхасы
1.	Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991. 256 бет.	6
2.	Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997. 254 бет	6
3.	Айтбаев Д.Т. Қазақ тілі лексикасы пәнінен лекция мәтіндері. Гүлістан. 2015ж . 200 бет.	6
4	Жалпы	18

5.2. ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

№	Авторы, әдебиеттің аты, түрі, баспасы мен жылы, көлемі	Кітапханадағы нұсхасы
1.	Хасенова С., Жексембаева Ғ. Қазақ тілінің стилистикасы. (жаттығулар жинағы). Алматы, 1999. 242 бет.	6
2.	Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. Алматы, 1993. 206 бет.	6
3.	Байқабылов Ә. Қазақ тілі стилистикасы. (оқу қолданба). Ташкент: 2008. 218 бет.	6
4.	Омарбеков С. Қазақ ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктері. Алматы. 1965. 256 бет.	6
5.	Жалпы	24

5.3. ҰСЫНЫЛҒАН ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АҚПАРАТ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

№	Авторы, аты, түрі, жылы, көлемі, сақталу жайы, электрондық адресі	
1	Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы. 1991. 256 бет.	
2	Айтбаев Д. Ана тілі мен әдебиеті. (оқу қолданба). Ташкент: 2017. 218 бет.	
3	http://www.gov.uz/ ГүлМУ сайты.	
4	http://www.pedagog.uz/ Педагогикалық оқу орындарының порталы.	

**Жұмыстық оқу бағдарламасына өзгерістер мен қосымшалар
ендіру туралы**

_____ оқу жылы үшін жұмыстық оқу бағдарламасына
төмендегідей өзгерістер мен қосымшалар ендірілген:

Өзгерістер мен қосымшаларды ендірушілер:

(профессор-оқытушылардың аты-жөні)

(қолы)

Жұмыстық оқу бағдарламасына ендірілген өзгерістер мен қосымшалар
“Филология” факультетінің Ғылыми Кеңесінде талқыланған және бекітілген
(2018 жыл «____»- августтағы 1 – санды хаттама)

Факультет Ғылыми

Кеңесінің төрағасы: _____ **Ф.Ниязов.**

